

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 сәуір N 452. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 602 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 P010290\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 85-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

10-тармақта:

"Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі, төраға;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары, төраға;"

"Оразалинов Дулат Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі Кеңесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің консультанты;" деген жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Есенғараев Асқар Батылханұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетінің төрағасы."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК